



**XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАСӨСПІМДЕР
БЕЙНЕСІ**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., қауым.проф. Жұмақаева Б.

Магистрант: Давталиева Аружан Танербергенқызы

Сулейман Демирель Университеті

Педагогикалық және Гуманитарлық ғылымдар факультеті

Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдағы қазақ балалар әдебиетінің шығармаларындағы жасөспірімдер образының қалыптасу, даму және өзгеру ерекшеліктері анықталады. Тарихи, әлеуметтік, психологиялық факторлардың ықпалынан жасөспірімдер бейнесінің автор шығармаларында қалай көрініс тапқандығы сараланады. Аталған кезеңнің айшықты туындыларына тоқталып, кейбір образдарға талдау жасалынады. XX ғасыр тұсында қазақ әдебиеті жанрлық прогресстерімен ерекшеленеді. Жаңа ғасырдың басталуымен балалар әдебиеті жаңа серпін алып, проза, поэзия, драматургия жанрларында қарыштап дами бастады. XX ғасыр қазақ әдебиетінде балалар мен жасөспірімдер образын өз шығармасына арқау ету арқылы, автордың тарихи-әлеуметтік проблемаларды оқырманына жанама жеткізуі де осы заман әдебиетінің ерекшелігіне айналды. Жазушыларымыз бен ақындарымыз жасаған жасөспірімдер образдарының ықпалы, жас ұрпаққа тәрбиелік күші бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймай келеді.

Түйін сөздер: Қазақ әдебиеті, балалар әдебиеті, XX ғасыр әдебиеті, жасөспірімдер, образ, кейіпкерлер.

XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР БЕЙНЕСІ

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің «ұлттық әдебиетіміздің алтын ғасыры» деп аталуы бекерден-бекер емес. Нағыз қазақ жазба әдебиетінің өркендеп, кең көсілген сәті өткен жүзжылдыққа тура келді. Халық басына түскен зұлматтарға қарамай, қазақ әдебиеті осы заманда ерекше даму жолына түсіп, жан-жақты - салалық, жанрлық, образдық прогресстер жасады. Өткен ғасырдағы ұлттық жазба мұраларамыз өзінің жаңа, еркін ойлылығымен, өзіндік нақышымен, тіл көркемдігімен және қанық бояуларымен ерекшеленеді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын негізге ала отырып, тың образдар мен оқиғаларға толы жана, ешкімге ұқсамайтын әдеби мұралар жарық көрді.

XX ғасыр тұсында қазақ әдебиеті жанрлық прогресстерімен ерекшеленді. Жаңа ғасырдың басталуымен балалар әдебиеті жаңа серпін алып, проза, поэзия, драматургия жанрларында ерекше қарқынмен дами бастады. Балалар әдебиеті – өзіндік қалыптасу, даму, шарықтау жолы бар әдебиеттің өскелең бір саласы. Алғашқыда жалпы әдебиетпен үйлесімде толысып келген бұл жанр 19 –ғасырдың 2-жартысынан бастап өзінің даму жолына түсіп, идеялық дербес күйге айналды, тәлім-тәрбиенің, білімнің энциклопедиясына айналды.

Балалар әдебиеті бізге терең өмірлік тәжірибе беріп қана қоймай, жас ұрпақ бойындағы парасатқа дүниетанымдық құштарлық, шындыққа сүйіспеншілік, ақиқатқа іңкәрлік сезімдерін оятып, адамгершілікке тәрбиелейді, келешегіне жол ашып, бағыт сілтейді [1]. Балаларға арналған әдебиет туындылары балалар мен жасөспірімдердің ой-өрісінің, сана-сезімінің, қуаныштары мен қорқыныштарының айнасы іспеттес. Өйткені онда балалардың армандары мен қиялдары, ішкі ойлары мен түпкі санасы көрініс береді.

Балалар әдебиеті жас ерекшеліктеріне байланысты бірнеше салаларға бөлінеді. Себебі, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда «бала» деп атап жүрген жас жеткіншектердің өз араларында үлкен өзгешеліктер бар. Мәселен, бес жастағы бала мен он жастағы баланың мінезі, ұғымы, дүниеге көзқарасы бірдей еместігі мәлім. Бүгінгі мақаламызда балалар әдебиетіндегі «жасөспірімдер бейнесінің» ашылуы қарастырылатын болады.

Жасөспірімдік шақ – адамның балалықтан ересек шаққа өту барысындағы өтпелі кезеңі. Арнайы әдебиеттерде 10 жастан 15 жасқа дейінгі балаларды жасөспірімдер деп атайды. Бұл кезеңде адамның физиологиялық және психологиялық құрылымдары қалыптаса бастайды. Соның әсерінен, сана-сезімдері, моральдік-этикалық түсініктері жаңа деңгейге өтіп, өмірге, айналасына деген қарым-қатынасы күрделене түседі. Бұл кезде жасөспірім дербестікке, әсерге берілгіштікке салынып, қимыл-қозғалысқа құштар келеді. “Өзім білемге” салыну, ер жеттім деп ойлау кейде жаңсақ, теріс қылықтарға соқтыруы да ықтимал [2].

Қазақ балалар әдебиетіндегі кейіпкерлер, оның ішінде жасөспірім «қаһармандар», өз төркінен халық фольклорынан алады. Халық арасындағы туындап, ғасырлардан-ғасырларға ауызша жеткен әдебиет үлгілері, яғни, ертегілер, аңыз – әңгімелер, әпсаналар, өлеңдер мен тақпақтардың қаһармандары бүгінгі балалар образдарының негізін құрайды. Осы тұрғыда Мұхтар Әуезовтің ««Әр жылдар ойлары» және «Ертегілер» еңбектеріндегі зерттеулері балалар әдебиетінің шығу тегі халықтық шығармалардан бастау алатынын дәлелдейді.

Жалпы, XX ғасыр қазақ әдебиетінде балалар мен жасөспірімдер образын өз шығармасына арқау ету арқылы, тарихи-әлеуметтік проблемаларды оқырманына жанама жеткізу де қарқынды дамыды. Елдегі түбегейлі революциялар, азаматтық соғыс, бірнеше

реттік «жасанды жұттан» келген ашаршылық зұлматы, Ұлы отан соғысы, соғыстан кейінгі құлдырау, өндірістік революция... Небәрі 100 жыл ішінде орын алған тарихи оқиғалар балалар әдебиетіне де өз іздерін қалдырып, жасөспірімдердің жаңа, бұрын болмаған образдарын жасап шығарды. Бұл уақыт аралығындағы жасөспірімдер образының эволюциясы өзінің біртекті емес әралуандығымен, ауыспалылығымен, өзгермелілігімен сипатталады. 20 - ғасырдағы Қазақстан тарихи толқыныстарға толы дәуір болғандықтан, қазақ балалар әдебиеті де сол толқынның әсерінен толықтай тәуелсіз бола алмады. Сондықтан да, жасөспірім жастағы кейіпкердің мінезі, оның отбасылық жағдайы, әлеуметтік санатқа жатуы, өткені және жақын болашақ өмірі өмірлік жағдайларға байланысты ауытқып отырды.

Осындай қиын кезеңдерді бастан өткендеріне қарамастан, қазақ балалар әдебиетінде оптимизм мен позитивизм сипаты басым. Жасөспірімдер ертеңгі елдің тірекшілері болғандықтан, бұл образдарда сары уайым емес, болашаққа деген жарқын сенімділік көбірек. Себебі, балалар әдебиетінің басты ерекшелігі – өз образдары арқылы оқырманын ұлтын сүйген ұлтжанды, еңбекқор, адал, арман-мақсаты биік және сол арман жолында берілмейтін жігерлі, мықты тұлға ретінде тәрбиелеу. Осы мақсатты басты жалау еткен әдебиет өкілдері ауыз әдебиетінде болмаған жаңашыл мықты «қаһармандарды» қалыптастырды.

1920 жылдардан бастап, қазақ әдебиетінде балаларға арналған шығармаларға ерекше назар аударыла бастады. Қазақ әдебиетіндегі балалар әдебиетін зерттеуде С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің, М.Әуезовтің, С. Ерубаеттың, С. Мұқановтың балалар әдебиетіне және оның құраушы бөліктеріне жасаған зерттеу еңбектерінің маңызы зор.

С. Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған.

I. Жансүгіров 1927 жылы жарық көрген «Өтірік» атты жинаққа жазған алғы сөзінде: «Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады» – деп түйіндеген [3].

Қазақ жазба әдебиетіндегі балалар шығармаларының эволюциясы қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннен бастау алады. Тәрбиелік мәні үлкен, өнер мен білімге, еңбекқор болуға баулитын, этикалық, эстетикалық білім беретін өлеңдер мен әңгімелер жазды. Ы. Алтынсарин қаламынан бүгінгі заманға дейін өзектілігін жоймаған, өміршең «Асан-Үсен» сынды образдар туындады.

Балалар шығармалары «Пионер» газетінде («Октябрь балалары», «Қазақстан пионері», қазіргі «Ұлан» газеті), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналдарында жарық көріп отырды.

Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыров балалар поэзиясының алтын қорына енетін «Шәкірт ойы», «Оқып жүрген жастарға», «Бір балуанға», т.с.с өлең-жырлары, өнегелік әңгімелері 20-ғасырдың 20-жылдары жоғарыда аталған баспа беттерінде жарияланып отырды. Осы кезеңдегі балалар әдебиетінің дамуына С. Сейфуллин, Б.Майлин, Ш. Иманбаеваның жеке өлеңдері, Ілияс Жансүгіровтың 20-30 жылдары жарық көрген «Малта», «Шоркей» сурет кітапшалары, 1927 жылы жарық көрген О. Тұрманжановтың «Қошан кедей» әңгімелер жинағының қосқан үлесі елеулі. Осы лектің жалғасымен, 30-жылдары Қ. Әбдіқадыров, А. Тоқмағамбетов, Г. Жароков, Ж. Саинның, 40-жылдары Қ. Аманжоловтың, М. Хакімжанованың, Е. Ормановтың балаларға арналған өлең-жырлары жарияланды [4].

50-жылдардан бастап, балаларға арналған шығармалар поэзиялық қана емес, әртүрлі жанрлық туындылармен толыға бастады. Жаңа есімдермен қоса, жаңа бағыттар пайда болды. Қазақ балалар әдебиетінің алтын мұрасына айналған Қожа образы да («Менің атым Қожа» повесті) осы кезеңде пайда болған еді.

Ш. Смаханұлы, О. Әубәкіров қаламынан сатиралық шығармалар туындады. Қазақ балалар әдебиетінің мұралары 1950-1970 жылдар аралығында Х. Ергалиевтің, Ә. Сәрсенбаевтің поэмаларымен, Ж. Өмірбеков, І. Мәмбетов, Е. Мүсірепов сынды ақындардың өлең-жырларымен толысты. Балаларға арналған пьесалар да осы кезеңдерде өзінің лайықты жалғасын тауып, республикалық жасөспірімдер мен балалар театрларында сахналана бастады. Ш. Хұсайыновтың «Есірткен ерке», М. Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесаларының және Б. Ысқақовтың, Б. Тәжібаевтың, Қ. Ыдырысовтың пьесаларының балалар тәрбиесіндегі өнегелік маңызының зор екенін айта аламыз.

Ақын, жазушы-журналист Сапарғали Бегалин – қазақ балалар әдебиетінің айшықты өкілі саналады. Осы жанрға қосқан елеулі үлесі үшін С. Бегалинді «қазақ балалар әдебиетінің ақсақалы» және «классигі» деп те атайды. Автор шығармаларындағы жасөспірімдердің образы өзінің нақтылығымен, жаңашылдығымен, қайталанбайтын бірегейлігімен ерекшеленеді. С. Бегалиннің шығармаларындағы жасөспірімдерің бейнесі жан-жақты ашылған. Оларды топтастырып, бірнеше топқа біріктіруге болады. «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Бала мерген» әңгімелеріндегі кейіпкерлер - батыл, ержүрек, аң аулау мен мергендікті меңгерген, өз жасынан ересек көрінетін балалар. «Будан», «Қозышы Нұрман», «Жылқышы» поэмаларының кейіпкерлері мал шаруашылығында жұмыс істейтін еңбекшілердің қиын да қажырлы өмірін паш ете отырып, оқырманына еңбекқорлық пен төзімділікті насихаттайды. «Жас

бұтақ», «Қант бұршақ», «Мектеп бағында», «Хат», «Есеннің кірпісі» әңгімелеріндегі балалар мен жасөспірімдер мейірімді, табиғатқа қамқор, оптимисттік образда бейнеленеді. Сапарғали Бегалиннің «Тағы кездесті», «Машинист», «Жеткіншектер», «Киіксор» атты әңгімелері Ұлы отан соғысы жылдарындағы қоғамдық, психологиялық, әлеуметтік күрделі тақырыптарды көтерген.

Қазақ балалар әдебиетінде жасөспірімдердің бірегей бейнесін қалыптастыруға атсалысқан әдебиет майталманының бірі – Өтебай Тұрманжанов. Оның балаларға арналған туындылары 1950 жылдардан жарыққа шыға бастады. 1952 жылы «Қарлығаш», 1959 жылы «Сұңқар түлектер» өлеңдер жинағын шығарды. Бұл жинақтарда достық, мейірімділік, адалдық, отансүйгіштік тақырыптарын көтерген ертегілер, поэмалар, мысал өлеңдер жарияланды. Ө. Тұрманжанов кейіпкерлерінің басқа авторлардан ерекшелігі – олардың тілі мен мінез-құлқының, жалпы образының халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болғандығы. Мәселен, оның Азамат соғысы және Кеңес үкіметі тақырыптарында жазылған «Қарлығаш», «Қыран қыз», «Байғыз», «Қойшы күйі» поэмалары аңыз, ертегі түрінде жазылған. Халық фольклорын жандандыруды кейбір зерттеушілер кемшілік деп таныса, кейбір ғалымдар оны жетістікке бағалайды. Не десе де, Өтебай Тұрманжанов 21-ғасыр ұрпақтарының бағасымен «Қазақ совет балалар әдебиетінің атасы» атанып отыр.

Қазақ балалар әдебиетінің шарықтау шегі – 20-ғасырдың 70-80 жылдарына тұспа-тұс келді. Балалар әдебиетінің белсенді дамып, өркендеуін балалар мен жастар әдебиетіне арналған «Жалын» баспасының ашылуымен байланыстыруға болады. Жасөспірімдер образы М. Әлімбаев, Қ. Мырза Әлі, Т. Молдағалиев, Т. Нұрмағанбетов, О. Бөкеев, М. Қабанбаев, К. Ахметова сияқты т.б. ақын жазушыларымыздың повестері,

поэмалары, әңгіме, ертегілерінің қаһармандарымен жетіле түскен болатын. Осы жылдарға тән балалар әдебиетінің проблематикалық сипаты өз шекарасын кеңейтіп, тереңдете бастады. Қ. Омаровтың, Р. Әбілқадырованың, Н. Дәутаевтың, Қ. Түменбаевтың, т.б. балаларға арналған туындыларында кейіпкерлер өздеріне етене табиғи ортада танылуымен бірге заманымыздың көкейкесті мәселелеріне араласады, шешудің жолдарын іздейді [4].

Қорытындылай келе, 20-ғасырдың басында туындап, тәуелсіз Қазақстан ұрпағына баға жетпес мұра болып қалған қазақ балалар әдебиеті, шын мәнінде, әдебиетіміздің құнарын арттырып, құндылығын өсірді. Қаламгерлеріміз ұлттық әдебиетімізді жан-жақты байытып, оны берік ету жолында аянбай еңбек етті. Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образы қазақ халқының сана-сезімімен, мақсат-мұраттарымен қатар өсті. Қазақ халқының түп санасындағы армандары жасөспірімдердің тілі арқылы айтылды, қорқыныштары мен күмәндері жасөспірімдердің ашу-ызалары, агрессияның себептерімен танылды, сондай-ақ халықтың әлі де жарқын күндерге деген сенімінің жоғалмағандығы сюжеттің бақытты аяқталуымен көрінген еді. Жазушыларымыз бен ақындарымыз жасаған жасөспірімдер образдарының ықпалы, тәрбиелік күші бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймай келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет-ресурстар тізімі

1. <https://egemen.kz/article/264379-balalar-men-dgasospirimderge-arnalghan-2021-dgyldynh-10-uzdik-kitaby>
2. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%81_%D3%A9%D1%81%D0%BF%D1%96%D1%80%D1%96%D0%BC
3. <https://stud.baribar.kz/13035/balalar-adebieti-turaly-tusinik/>
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6